

"Лисаков тау-кен байыту комбинаты" ашық акционерлік қоғамы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 18 қазан N 1564

"Лисаков тау-кен байыту комбинаты" ашық акционерлік қоғамының ауыр қаржы-экономикалық жағдайына байланысты, оның Қазақстан Республикасының экономикасы үшін маңызды стратегиялық мәнін ескере отырып, "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қаңтардағы Заңының 2-бабының 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі заңдарда белгіленген тәртіппен "Лисаков тау-кен байыту комбинаты" ашық акционерлік қоғамының (бұдан әрі - "Лисаков ТБК" ААҚ) банкроттығына бастамашы болсын.

2. Конкурстық массаны сатудың:

1) конкурстық іс жүргізу кезеңіне өндіріс циклының үздіксіздігін сақтау және әлеуетті инвесторды тарту арқылы банкроттық рәсімдерін жүргізуді;

2) конкурстық басқарушыға өндірістің үздіксіздігін қамтамасыз ету мақсатында шарттар жасасу құқығын ұсынуды;

3) конкурстық массаны сату үшін ішінде N 1 лот коммуналдық және әлеуметтік салалар объектілері мен негізгі өндіріске жатпайтын басқа да мүлікті қамтымайтын негізгі тау-кен қайта өңдеу өндірісінің активтері мен N 2 лот - құрылысы аяқталмаған титан-цирконий концентратын өндіру жөніндегі цех болуы тиіс бірнеше лоттар қалыптастыруды көздейтін ерекше шарттары мен тәртібі белгіленсін.

3. N 1 лотты сатып алушыға мынадай қосымша талаптар белгіленсін:

1) N 1 лотты сатудан түскен қаражаттың жеткіліксіздігі жағдайында сатып алушының бірінші және үшінші кезектегі кредиторлардың талап етулері бойынша N 1 лоттың бағасын қоса есептегенде берешектің 70 000 000 (жетпіс миллион) теңгеден артық емес қалған сомасын өтеу жөнінде міндеттеме қабылдауы;

2) сатып алушының өндірістік циклдың үздіксіздігін сақтай отырып мүлікті сатып алған сәттен бастап одан кейінгі 12 күнтізбелік айдың ішінде 900 000 тоннадан кем емес темір рудасы концентратын шығаруды қамтамасыз ету жөнінде міндеттеме қабылдауы;

3) сатып алушының саны кемінде 1000 (мың) адам қызметкердің жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету жөнінде міндеттеме қабылдауы;

4) сатып алушының N 1 лотты аукционға басқа қатысушы сатып алған жағдайда осы қаулының 4-тармағына сәйкес "Испат-Кармет" ашық акционерлік қоғамына немесе ол тағайындаған адамға олар бөлген қаражатты өтеу мақсатында 200 000 000 (екі жүз миллион) теңге мөлшерінде кепілдікті жарнаны сақтауға беру жөнінде міндеттеме

қ а б ы л д а у ы .

4. Сот "Лисаков ТБК" ААҚ-ны дәрменсіз борышкер деп тану туралы шешім
қ а б ы л д а ғ а н ж а ғ д а й д а :

1) конкурстық басқарушыға "Испат-Кармет" ААҚ-ның сенімді басқаруды құру және сот тағайындаған күннен бастап үш күннің ішінде N 1 лотқа енгізілген, "Испат-Кармет" ашық акционерлік қоғамы немесе ол тағайындаған адаммен келісілген объектілерді басқару туралы шарт жасасу туралы ұсынысын қабылдау;

2) "Испат-Кармет" ашық акционерлік қоғамына немесе ол тағайындаған адамға сенімді басқаруға шарт жасалған сәттен бастап үш банктік күннің ішінде Лисаков қаласы әкімінің шотына "Лисаков ТБК" ААҚ-ның босаған қызметкерлерін жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі іс-шараларды жүргізу мақсатында шағын және орта бизнесті дамытуды оңалту қорын құру үшін 200 000 000 (екі жүз миллион) теңге аудару ұсынылсын. Қордың қаражатын пайдалануды "Испат-Кармет" ашық акционерлік қоғамының басшылығымен немесе ол тағайындаған адаммен бірлесіп Лисаков қаласының әкімі жүзеге асырсын.

5. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі заңдарда белгіленген тәртіппен "Лисаков ТБК" ААҚ N 1 лотты сатып алушыға берген қажетті жер қойнауын пайдалану құқығына лицензияларды қайта ресімдеуді жүргізсін.

6. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу бәсекені қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігімен, Көлік және коммуникациялар министрлігімен, Лисаков қаласының әкімімен бірлесіп заңдарда белгіленген тәртіппен "Лисаков ТБК" ААҚ үшін сенімді басқару мен жүктерді темір жол көлігімен тасымалдауға және "KEGOC" ААҚ-ның желілері бойынша электр энергиясының транзитіне арналған тарифтер бойынша қолданылып жүрген жеңілдіктердің сақталуына және сатып алушыға таратылатын "Лисаков ТБК" ААҚ-ның базасында циклдың үздіксіздігін және өндірісті дамытуды қамтамасыз

етуде жәрдем көрсетуді қамтамасыз етсін.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Д.К.Ахметовке жүктелсін.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК